

Комиссия құрамы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 28 желтоқсан 1993 ж. N 591-Ә

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылықта тартылған азаматтарды ақтау туралы" 1991 жылғы 12 желтоқсандағы N 540 Жарлығының талаптарын орындау жөніндегі жұмысты жандандыру және аталған оқиғалардың ақталған қатысушыларын әлеуметтік-тұрмыстық қамтуға қатысты мәселелерді шешу мақсатында:

1. Мына құрамда арнаулы комиссия құрылсын:

Комиссия төрағасы

Сұлтанов Қ.С. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары

Комиссия мөлшері:

Сұлейменов К.Ш. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кенесшісі

Айсин Т.С. - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Жұрсімбаев С.К. - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары (келісім бойынша)

Храпунов В.В. - Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары

Нәлібаев А. - "Желтоқсан" қоғамдық бірлестігінің өкілі (келісім бойынша)

Қарабаев Ш. - "Желтоқсан" қоғамдық бірлестігінің өкілі (келісім бойынша)

Куандықов Е. - "Желтоқсан" қоғамдық бірлестігінің өкілі (келісім бойынша)

Абраев О.С. - жүртшылық өкілі (келісім бойынша)

2. Комиссияға мынадай міндеттер:

- қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапқа тартылған және осы уақытқа дейін белгіленген тәртіп бойынша ақталмаған желтоқсан оқиғаларына қатысқан адамдардың материалдарын тиісті орындардың 1994 жылғы 1 ақпаннан кешіктірмей қарап, түпкілікті шешуін бақылауға алу;

- республика аймағында тұратын ақталған азаматтарға заңдарда белгіленген құқықтар мен женілдіктер беру мәселелерін ең алдымен тұрғынжаймен қамтамасыз ету және медициналық қызмет көрсету жөнінен жекеше тәртіппен шешу;

- желтоқсан оқиғаларының ақталған қатысуышыларына өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасуға көмек көрсету жүктелсін.

3. Комиссияға мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының желтоқсан оқиғалары кезінде заңдылықтың бұзылуына жол берген жекелеген лауазымды адамдарының жауапкершілігі туралы ұсыныстар әзірлеп, енгізу құқығы берілсін.

4. Барлық министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, сондай-ақ облыстардың, қалалардың және аудандардың әкімдері 10 күн мерзім ішінде комиссияның ұсынысы мен талаптарын қарап, бір ай мерзімнен кешіктірмей солар бойынша шешімдер қабылдауға міндетті деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі